



Филология ғылымдарының докторы, профессор
Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының
75 жылдық мерейтойына арналған
**“ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСІНДЕГІ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ”** атты
халықаралық ғылыми-теориялық
конференциясының

ЖИНАҒЫ

Алматы, 2025

ҚАЗІРГІ ПРОЗАДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҰТАСТЫҚТЫҢ
БҰЗЫЛУ КӨРІНІСТЕРІ

Н. Ақыш

Жазушы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.

Әжептәуір әсерлі көрінетін көптеген шығармалардың шиін шығарып, шырайын солғындататын тіл мәселесі болып табылатыны бұрыннан айтылып келеді. Кейбір қаламгерлеріміз әдеби норманы белінен басып жазғанды былай қойып, ауызекі сөйлеу нормасына да мән беріп жатуға да ықылассыз. Оқыған кітаптарымызда салақ құрылған, мағыналарын түсініп алуы қиын сөйлемдердің кездесіп жатуы соның салдарынан демеске, амал жоқ. Тіпті халық аузында қалыптасып кеткен фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдерді бұзып жазу фактілері де кезігіп қалады екен. Енді осы пікірді дәлелдейтін жекелеген мысалдарға жеңіл ғана көз жүгіртіп өтейікші.

«Жуас қой жүндеуге жақсы» (1,29). Қазақ «Жуас түйе жүндеуге жақсы» деп сөйлемеуші ме еді. Осы автордың келесі сөйлемі былай болып келеді: «Бірде жазған кім болды екен деп қайран қалғандай таң қалады» (1,41)

Осы мысалдағы «...қайран қалғандай таң қалады» деген тіркесті түсініп алуларыңызды өтінемін.

«Ол жер бұға алмаймын, сұлтан» (2,29), «Сартайдың байқағаны, бұған, жауды жеңген намыс қымбаттығын түсінді» (3,42). Осы екі сөйлемнің де кінәраты неде десеніз, кәдімгі септік жалғауларының дұрыс жалғанбауына байланысты туындап тұр.

«Бүкірек төре руынан шықса да, билікке таласып, сыр берген батыр емес» (3,51). Бұл сөйлемнің мағынасынан туатын сұрақ – «Төре деген» ру бар ма?

76-77-беттерде Сартай батыр бүгінгі тілмен, оның ішінде ғылыми тілмен сөйлеп, өзінің білармандығын бір танытса, 120-бетте Грекия мен Персия тарихын еске түсіріп, өзінің уақыттан озған интеллектуал екенін тағы көрсетіп жатады. Роман оқиғасының Жоңғар шапқыншылығы заманында болып жатқанын ескерсек, «Бұл қалай?» деген күмәнның төбе көрсетері сөзсіз.

«Түнімен төсегінде аунақшып, көрер таңды көзімен атырардай болған Жәнібек хан бүгін таң елең-аланда орнынан тұрып, үйден шыққан бойы орданың маңдай жағындағы биік тепсеңге шықты. Ол текшеден шығысқа қарап тұрып, Көкшетаудың асқақ та алып кең аясына көз тастады. Одан алыста бұлдырап көсіліп жатқан Қаратауды шолып өтті. Тауларға ғана емес, тым алыс-алыста, көкжиекпен тұтасып кеткен, мұнартып жатқан Алатауға, одан ұланғайыр Арқа жазығына қарап ұзақ тұрды» (4,104) Кейіпкердің есік алдындағы тепсеңге шығып алып, жай көзбенен-ақ қазақ жерінің жартысын шолып өтуі реалистік суреттерге қаншалықты сыйымды?

Оқиға Абылай заманында болып жатса, осындағы Жәнібек хан қай Жәнібек? Есімханның баласы деп аталатын Жәнібек пе, әлде басқа ма? «Қызының оқуға қабылданғанына әкесінің де көңлі демделіп жатқанда, жігітінің шалған қоңырауы бойжеткенді толағай ойларға тоғытып, қуаныштың ақ періштесі аспанға қалықтап ұшса да, Бекені туралы сыр білдірмей...» (5,129) деп шашыраңқылау шыққан құрмалас сөйлем әлі де етек-жеңін жинап, ширата түсуді қажетсініп тұр.

Осы сөйлемдегі «толағай» метафорасы қазақ тілінің табиғатына салатын болсақ, кез келген сөзбен байланысқа түсе алмайды. Кеңес дәуірінде құлағымызға әбден сіңісті болып қалған «Толағай табыстар» деген бір публицистикалық тіркестің болғаны есімізде. Ал енді біз

мысалға келтіріп отырған «Толағай ойлар» деген тіркесті естімеппіз. Ойлар толағай бола ала ма, жоқ па деген мәселеге кәсіби лингвистердің бас қатыруы шарт емес.

Жалғыз бір автордың жазғанынан алынып отырған осы мысал – басқа да жазушылардың қалам ұшында ұшырасып қалып жататын сөйлем құрудағы типтік олқылық. «Қақаған аяздан беттерін түбіт шәлімен тұмшалап алған, ал алыс жолдан болдыра бастаған аттың жүрісі кібіртіктей бастады» (6,14). Бір қараған кезде қатардағы жайылма сөйлемнің бірі болып көрінеді. Ал сөйлем мүшелері тұрғысынан алып жіктеп қараған уақытта ептеген кемшіліктердің де құлағы қылтиып тұрғанын еріксіз аңғарасың. Біріншіден, «қақаған», «алған», «бастаған» деген есімше формалы етістіктің қайталанып келуі сөйлемнің жатық шығуына кедергі болып тұр. Екіншіден, «бастаған» және «бастады» сөздерінің түбірі біреу-ақ, яғни, сөйлем ішінде сөз қайталаушылық орын алды деп айтуға әбден негіз бар.

«Кім алдыға озады» - деген қызғаныш атты қызыл түлкі іштерін өртеді» (7,19). Осы сөйлемді оқығаннан кейін еріксіз «Соншама өртейтіндей түлкі от болып кеткен бе?» деген сұрақ туындайды.

Жалпы осындай мысалдарды ары қарай мұрнынан тізіп келтіре беру шарт емес, оның қазір қажеті де жоқ. Біздікі тек көркем әдеби тілімізді қолдануға қатысты кейбір проблемалардың типтік сипатқа ие болып кеткенін, бүгінгі таңда да дұрыс шешімін таба алмай жатқанын көрсету ғана.

Әдебиеттің негізгі кірпіші тіл дейтін болсақ, оның қолдану нормаларының мүмкіндігінше сақталып келгендігі де, әдеби норманы бұза жазылған сөйлемдерге ең алдымен сол шығарманы баспа бетіне шығаруға жауапты редакторлардың мұқият қарап, шамалары жеткендерінше, күзеп-түзеп отырғандары да – өтіп кеткен уақыт бедерлерінде таңбаланып қалған өмір шындығы. Лингвистика саласындағы тілші ғалымдар мен әдебиет теориясын түзуші ғалымдар жеткілікті дәлелдеп, айқындап берген әдеби тіл нормасының қалыптасып, бүгінгі күнге дейін дамып келе жатқандығы да осындай мақсаткерлік бағытта бөгеліссіз жүргізіліп отырған шығармашылық жұмыстардың арқасында.

Бұндай шығармашылық ұстаным тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жарық көрген баспа мен баспасөз өнімдерінде біршама сақталып келді. Бірақ көркемөнерге, көркем сөзге қойылатын қатқыл талап қадағалаудан қала бастаған сайын, әдеби норманың бұлжымастай көрінген тиісті шарттарының орындалуы да босаңсуға айналды. Тілге тиек болып отырған бұл мәселенің өзі әр қырынан талдау жұмыстарын жүргізу жалпақ бұқараның алдына жасырып-жауып жатпастан, жайып салуды, жеке әңгіме етіп көтеруді қажетсінетін өз алдына бөлек кесек тақырып.

Әжептәуір әсерлі көрінетін көптеген шығармалардың шиін шығарып, шырайын солғындататын тіл мәселесі болып табылатыны бұрыннан айтылып келеді. Көркем шығарманың құрылыс материалы тіл болып табылатындығы белгілі. Ол жай сөйлеу нормасынан несімен ерекшеленеді десек, ең алдымен қалыптасқан әдеби нормаға толық жауап бере алатындығында деп жауап берер едік. Бүгінгі күндегі өзекті мәселенің бірі жазушыларымыз осы осы әдеби тіл қолданысын қандай деңгейде игеріп жүр дегенге келіп тіреледі. Осы шартты түсініп, іс жүзінде жүзеге асырушылар олардың басым көпшілігі. Әдеби норманы белінен басып жазғанды былай қойып, ауызекі сөйлеу нормасына да мән беріп жатуға да ықылассыз қаламгерлер де кездесетінін ашып айтқанымыз абзал. Кейбір оқыған прозалық шығармаларда салақ құрылған, мағыналарын түсініп алуы қиын сөйлемдердің кездесіп жатуы соның салдарынан демеске, амал жоқ. Тіпті басқаны былай қойғанда, халық аузында қалыптасып кеткен тұрақты фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдерді бұзып жазу фактілері де кезігіп қалады екен.

Мына төмендегі жекелеген мысалдар осы пікірдің дұрыстығын дәлелдей алады деп білеміз. Енді осы пікірді дәлелдейтін жекелеген мысалдарға жеңіл ғана көз жүгіртіп өтейікші.

«Жуас қой жүндеуге жақсы» (1,29) Қазақ «Жуас түйе жүндеуге жақсы» деп сөйлемеуші ме еді. Осы автордың келесі сөйлемі былай болып келеді: «Бірде жазған кім болды екен деп қайран қалғандай таң қалады» (1,41). Осы мысалдағы «...қайран қалғандай таң қалады» деген тіркесті түсініп алуларыңызды өтінемін.

Қазақ «Жуас түйе жүндеуге жақсы» деп сөйлемеуші ме еді. Осы автордың келесі сөйлемі былай болып келеді: «Бірде жазған кім болды екен деп қайран қалғандай таң қалады» (1,41). Осы мысалдағы «...қайран қалғандай таң қалады» деген тіркестің түсініп алуға ауырлық ететін себебі ойды жеткізу барысында қалыптасқан сөйлеу нормасынан ауытқып кетуде болып тұр.

«Ол жер бұға алмаймын, сұлтан» (2,29), «Сартайдың байқағаны, бұған, жауды жеңген намыс қымбаттығын түсінді» (3,42)

Осы екі сөйлемнің де бойындағы кінәраты кәдімгі септік жалғауларының дұрыс жалғанбауына, бір септіктің орынан басқа септіктің жалғауы жалғанып кетуіне байланысты екендігі анық.

«Бүкірек төре руынан шыкса да, билікке таласып, сыр берген батыр емес» (3,51). Бұл сөйлемнің мағынасынан туатын сұрақ – «Төре деген» ру бар ма?

76-77-беттерде Сартай батыр бүгінгі тілмен, оның ішінде ғылыми тілмен сөйлеп, өзінің білармандығын бір танытса, 120-бетте Грекия мен Персия тарихын еске түсіріп, өзінің уақыттан озған интеллектуал екенін тағы көрсетіп жатады. Роман оқиғасының Жоңғар шапқыншылығы заманында болып жатқанын ескерсек, «Бұл қалай?» деген күмәнның төбе көрсетері сөзсіз.

«Жошы әулетінің тұрған жері Дон, Еділ, Бұлғар, Қырым, Кавказ, Жетісу, Семей, Торғай, Ақмола, тіпті бір шеті Бұхар, Хиуаға дейін созылып жатты». (4,13) Осы сөйлемде Жошы әулетінің заманында болмаған елді мекендердің де аттары аталып, тарихи-реалистік романда анахронизмге орын берілген.

«Түнімен төсегінде аунақшып, көрер таңды көзімен атырардай болған Жәнібек хан бүгін таң елең-алаңда орнынан тұрып, үйден шыққан бойы орданың маңдай жағындағы биік тепсеңге шықты. Ол текшеден шығысқа қарап тұрып, Көкшетаудың асқақ та алып кең аясына көз тастады. Одан алыста бұлдырап көсіліп жатқан Қаратауды шолып өтті. Тауларға ғана емес, тым алыс-алыста, көкжиекпен тұтасып кеткен, мұнартып жатқан Алатауға, одан ұланғайыр Арқа жазығына қарап ұзақ тұрды» (4,104). Кейіпкердің есік алдындағы тепсеңге шығып алып, жай көзбенен-ақ қазақ жерінің жартысын шолып өтуі реалистік суреттерге қаншалықты сыйымды?

Оқиға Абылай заманында, яғни, он сегізінші ғасырда болып жатса, еріксіз туындайтын сұрақ «Осындағы Жәнібек хан қай Жәнібек? Есімханның баласы деп аталатын Жәнібек пе, әлде басқа ма? Осы аттас басқадай хан болса, ол кім?». Тарихи туынды болғандықтан тұлғаға айналған кейіпкерлерге ойдан шығарып, көлденең бір есімді қоя салуға болмайтыны бұрынғы тәжірибелерден жақсы мәлім.

Жазушылардың белгілі бір бөлігі сөйлемдерді құрмалас етіп құрып алады да, айтар ойын түйіндеп жеткізе алмай, ой жүйесінен айырылып қалып жатады. «Қызының оқуға қабылданғанына әкесінің де көңлі демделіп жатқанда, жігітінің шалған қоңырауы бойжеткенді толағай ойларға тоғытып, қуаныштың ақ періштесі аспанға қалықтап ұшса да, Бекені туралы сыр білдірмей:» (5,129) деп шашыраңқылау шыққан құрмалас сөйлем әлі де етек-жеңін жинап, ширата түсуді қажетсініп тұр.

Біріншіден, бұл құрмалас сабақтас сөйлем іштей төрт сөйлемнен тұрғандықтан, айтылар ой тым жайылыңқырап кеткен. Екіншіден, «жігітінің шалған қоңырауы» және «Бекені туралы сыр білдірмей» деген екі түрлі үйірлі мүшеде әр түрлі адамдар туралы айтылып тұрғандай әсер қалдырады. Ал шынтуайтында, «Жігітінің» және «Бекені» деп екі түрлі айтылғандықтан, екі түрлі бастауыш сияқты көрінгенімен, екеуі де бір адам. Ал соларды бір адам ретінде көрсетуге не кедергі? Біздіңше, бұл арада жазушының шеберлігінің шетіспей жатуы себеп.

Осы сөйлемдегі «толағай» метафорасы қазақ тілінің табиғатына салатын болсақ, кез келген сөзбен байланысқа түсе алмайды. Кеңес дәуірінде құлағымызға әбден сіңісті болып қалған «Толағай табыстар» деген бір публицистикалық тіркестің болғаны есімізде. Ал енді біз мысалға келтіріп отырған «Толағай ойлар» деген тіркесті естімеппіз. Ойлар толағай бола ала ма, жоқ па деген мәселеге кәсіби лингвистердің бас қатыруы шарт емес.

Жалғыз бір автордың жазғанынан алынып отырған осы мысал – басқа да жазушылардың қалам ұшында ұшырасып қалып жататын сөйлем құрудағы типтік олқылық. «Қақаған аяздан беттерін түбіт шәлімен тұмшалап алған, ал алыс жолдан болдыра бастаған аттың жүрісі кібірткітей бастады» (6,14). Бір қақаған кезде қатардағы жайылма сөйлемнің бірі болып көрінеді. Ал сөйлем мүшелері тұрғысынан алып жіктеп қақаған уақытта ештеген кемшіліктердің де құлағы қылтып тұрғанын еріксіз аңғарасың. Біріншіден, «қақаған», «алған», «бастаған» деген есімше формалы етістіктің қайталанып келуі сөйлемнің жатық шығуына кедергі болып тұр. Екіншіден, «бастаған» және «бастады» сөздерінің түбірі біреу-ақ, яғни, сөйлем ішінде сөз қайталаушылық орын алды деп айтуға әбден негіз бар. «Кім алдыға озады» - деген қызғаныш атты қызыл түлкі іштерін өртеді» (7,19). Осы сөйлемді оқығаннан кейін еріксіз «Соншама өртейтіндей түлкі от болып кеткен бе?» деген сұрақ туындайды.

Жалпы осындай мысалдарды ары қарай мұрнынан тізіп келтіре беру шарт емес, оның қазір қажеті де жоқ. Біздікі тек көркем әдеби тілімізді қолдануға қатысты кейбір проблемалардың типтік сипатқа ие болып кеткенін, бүгінгі таңда да дұрыс шешімін таба алмай жатқанын көрсету ғана.

Сонымен өткен жылдары жарық көрген кітаптардың ішінен көркем прозаға тән ұнасымды қырларымен әжептәуір әдемі әсер қалдырған дүниелердің де бар екендігіне көз жеткізе алдық. Атап айтар болсақ, Қ.Жұмаділовтың «Академиктің көз жасы», С.Асылбекұлының «Рәбиғаның махаббаты», Ж.Ахмадидың «Ақ қылыш», Н.Қапалбекұлының «Өкілдер», Ж.Қайранбайдың «Тұлпарлар дүбірі», С.Ибраимның «Ататоры» кітаптарында көркем прозаға қойылатын негізгі талаптар тиісті мөлшерде орындалған деп қысылмай айта аламыз.

Сонымен бірге аты-жөндері жалпы оқырман қауымға жете таныс емес жекелеген жазушылардың да қаламдарынан қызғылықты сюжеттер, бейнелі сөздер, берекелі сөйлемдер туындап жататынына көз жұма қарауға болмайды. Әдеби сынға анда-санда ат басын тірейтін сыншыларымыз да осындай елеусіз авторлардың елеулі жетістіктерін ескерсе дейміз. Мысал үшін алғанда, Базархан Жақыбаевтың оқиға құра құра білудегі шеберлігін, Нұрғали Рахаевтың сөз, сөйлемдерге сақтықпен қарап, ойларын бейнелі етіп жеткізуге деген ұмтылысын елеусіз қалдырып кетуге болмас.

Сонымен аталған прозалық туындыларды қысқаша сараптай келгенде, өзекті болып табылатын негізгі типтік проблематикалық мәселелерді қайтадан бір шолып өтейік.

Ең бірінші көңіл бөлетін жағдай – тіл мәселесіндегі кедір-бұдырлар. Баяндаманың бас жағында келтірілген нақты мысалдар негізінде белгілі бір қорытындыға жасауға болады деп ойлаймыз.

Екінші бір олқылық – өмірлік материалдарды іріктеп, көркемдік шындыққа айналдыру барысында жүзеге асуы тиіс шығармашылық ізденістердің тапшылығы. Көпішілігіміз өмірде болған жайларды сол қалпында жаза саламыз да, соның салдары еріксіз натурализмге, көркемдік талаптар тұрғысындағы басқа да кемшіліктерге әкеп соғып жатады екен.

Үшіншіден, айтамын деп ниет қылған негізгі оқиғаны аяғына дейін иін қандырып алып шығудың орнына кейде көлденең жағдайларды, ұсақ-түйек мәселелерді термелеп, шұбалаңқұылыққа ұрынуы.

Төртіншіден, характер даралаудағы диалогтардың, полилогтар мен монологтардың көркемдік мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана алмаушылық. Аталған туындылардың басым бөлігінде кейіпкерлер автордың сөз саптауымен сөйлеп, автордың мәнерімен ойлап жатады. Осы арада тәуелсіздік жылдары жиі сыналып кеткен Сәбит Мұқанов прозасы еске түседі. Ол кісі диалогтарды мінез-құлық даралаудың ұтымды құралы ретінде пайдалана білудің хас шебері болатын.

Көңілге қона қоймайтын келесі бір ұнамсыз нәрсе – тарихи туындыларымыздың кейбірінде оқиға болып жатқан көне дәуір адамдарының уақыт тынысымен санаспастан, бүгінгі заманның тілімен сөйлей беретіндігі. Бұл алдағы уақытта көне кезеңдерге қалам тартушылардың қаперінде болатын-ақ жағдай. «Жазған, сызған шатпақтарың бүкіл

адамзаттық санаға әсер етпесе, ертең-ақ ұмыталды» (8,172) деп бүгін есімдері аталған жазушылардың бірі Нұрғали Рахаев айтқандай, адамзаттық болмаса да, ұлттық санаға әсер ететін шығармаларымыз көбейе берсін демекпін әріптестеріме.

Назар аударатын келесі бір жағдай – бүгінгі күннің тақырыбына қалам тарту жағы, уақыттың ділгір шындықтарын көркемдікпен кестелеп жеткізу мәселесі. Қазіргі кезенді көркем прозаға сұранып тұрған өмірлік материалдар асып-төгіліп жатыр деуге болады. Бірақ қолымызға тиген прозалық шығармалардың арасында нақ өзіміз тыныстап отырған бүгінгі күннің образы өте аз, барларының өзі бірыңғай жас қалам иелеріне ғана тән екен.

Бір сөзбен айтқанда, осындай проблемалық мәселелердің бар екендігін оқырмандардың қаперлеріне қайталай салудың еш артықшылығы жоқ деп ойлаймын.

-
1. Төлепбайұлы Т. Шырғалаң. – Астана: Фолиант, 2015. – 400 б.
 2. Тоқтасынұлы Е. Сахара үні.- Шымкент: «Кітап» ЖШС, 2015. - 200 б.
 3. Ұзақбаев Б. Сартай батыр. Тарихи роман – Алматы: «ARNA-B», 2015. – 320 б.).
 - 4.Қаңбақов Д. Қазақ ханы Абылай. - Астана: Фолиант, 2015.- 392 б.
 - 5.Жақыбаев Б. Қош бол, Махаббат. – Алматы: «Қайнар баспасы» ЖШС, 2013, - 216 б.
 - 6.Ибраим С.Ататоры. – Алматы: «Айғаным баспа үйі», 2015. – 190 б.
 - 7.Уалиханұлы Ә. Құлдар патшалығы. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. – 192 б.
 - 8.Рахаев Н. Апамсыз өткен алты күн. – Елтаным баспасы, 2015. – 248.